«КЕЛІСІЛДІ» **«БЕКІТЕМІН»**
С.Зиманов ат. ІжҚҒА Директоры **ҚЖМ Директоры**
PhDз.ғ.к., доцент
_____М. Дауленов **_____ С. Пен**
«___» _____ 20___ж. **«___» _____ 20__ж.**

Дипломдық жұмысқа (зерттеу жоба)
ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасында Үкімет жариялылығы критерийі бойынша құқық үстемдігінің сақталуына құқықтық саралау.

I. Зерттеу жобасының маңыздылығы, жаңалығы және даралығы

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңының 31-бабы бойынша, Конституциялық Кеңестің отырысында қабылданатын кез келген акт оның шешімі болып табылады. Конституциялық Кеңестің шешімдері Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыратын қорытынды шешімдержәне Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттігін жүзеге асыратын басқа да шешімдер болып бөлінеді.

Конституциялық Кеңестің шешімдері мынадай нысанда қабылданады:

1) қаулылар, соның ішінде,Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңының құрамдас бөлігі болып табылатын нормативтік қаулылар;

2) қорытындылар;

3) жолдаулар.

Сонымен қатар, мемлекетте конституциялық реформалар жүргізілу кезінде Конституциялық Кеңестің бұрын қабылданған шешімдері егер сол шешімнің қабылдануының түпкі негізі болып табылатын Конституция нормасы өзгерген жағдайда қайта қаралуы мүмкін екендігі мәлім. Егер солай болса, Конституциялық Кеңестің шешімдерін қайта қаралу негіздері, қайта қараудың тәртібі, Конституциялық Кеңестің жалпы нормативтік шешімдерінің жолдануы мен жарияланыын зерттеп қарау маңызды болып табылады. Конституциялық реформалар жүргізілгеннен кейін оның заңнама жүйесіне берген әсерін зерттеу өте өзекті болып табылады.

II. Жоба мақсаты

Конституциялық Кеңес шешімдерін қайта қарау негіздері мен тәртібін нақтылау; Конституциялық Кеңес шешімдерін қайта қарау тәжірибесін талдау; Конституциялық реформалардың Конституциялық Кеңес шешімдеріне әсерін анықтау.

III. Дипломдық жобаның көлемі, орындалу тәртібі және мерзімдері

1 кезең. Зерттеу тақырыбын анықтау, техникалық тапсырманы дайындау және бекіту, Scrum-командатұрақты мүшелерінің арасында талдау және кафедра отырысында талқылауға ұсыну – (қараша-желтоқсан 2016 ж.)

2 кезең.Қажет ақпарат жинау, Практикалық ситуациялар мен олардың заңнамалық үлгілерін салыстырмалы талдау, Үкімет жариялылығы критерийі бойынша баллдың және Қазақстан Республикасының осы бағыттағы қызметін салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан саралау және олардың арақатынасын анықтау. (қараша-желтоқсан 2016 ж.)

3 кезең. Шет ел мемлекеттерінің конституциялық қоғары бақылау органдарының шешімдерінің қайта қаралу негіздерін қарастыру. (қараша-желтоқсан 2016 ж.)

4 кезең. Дипломдық жоба барысында алынған нәтижелердің жобаның құрылымдық элементтерінің тұтастығы, жүйелігі және байланыстылығы қаншалықты өзара сәйкес келетіндігін, сонымен қатар жоба мақсатына қаншалықты тиімді қол жеткізілетіндігін анықтау (сапа индикаторлары көрсеткіші, қаңтар-ақпан 2017 ж.)

5 кезең. Қосымша әдебиеттер жинау және талдау. Дипломдық жұмысты (зерттеу жобасын) Agile әдістемесі негізінде дипломдық жобаларды икемді басқарудың академиялық саясаты Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім ұйымдары қызметінің үлгі ережелерінің негізінде әзірленген және «КАЗГЮУ Университеті» АҚ күндізгі және қашықтықта білім алу нысанында мамандықтар бойынша білім алатын студенттердің диплом жобалары мен жеке жұмыстарын басқарудың жалпы талаптарына сәйкес рәсімдеу. (наурыз-сәуір 2017 ж.)

IV. Дипломдық жұмыс (зерттеу жобасы) сапа индикаторлары

1. Шешімдерді қайта қарау үшін Конституциялық Кеңес шешімдерін қайта қарау негіздері мен тәртібін қарастыру арқылы шет ел тәжірибесімен салыстырмалы құқықтық талдау жүргізу және оның негізінде әзірленген ұсыныстар аталмыш зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес келуі тиіс.
2. Дипломдық жұмыс (зерттеу жобасы) нәтижесінде әзірленген ұсыныстар нақты болуы тиіс.

V. Scrum-команда құрамы

Тұрақты мүшелер:
Ғылыми жетекші: з.ғ.д., профессор У.Ш.Шапақ
Орындаушы: Т.С.Ізтілеуов
Тапсырыс берушінің өкілі – Ж.Г.Калишева
Қосымша (ассоцияланған) мүшелер:
ҚР Конституциялық Кеңесі құқықтық сараптау бөлімі басшысы: Б.М.Нұрмұханов
“КазГЮУ Университеті” АҚ оқытушысы: Ж.Р.Темирбеков
Рецензент

VI. Scrum-команда мүшелерінің жауаптылығының матрицасы

Кезеңдердің аталуы	У.Ш.Шапақ	Т.С.Ізтілеуов	Т.С.Ізтілеуов	Ж.Г.Калишева	Б.М.Нұрмұханов	Ж.Р.Темирбеков
1 кезең	Ж	О	О	ТБ	N/A	N/A
2 кезең	Ж	О	О	N/A	К	К
3 кезең	Ж	О	О	N/A	N/A	К
4 кезең	Ж	О	О	ТБ	К	К
5 кезең	Ж	О	О	ТБ	N/A	N/A

Қысқартулар:
Ж – жетекші
О – орындаушы

ТБ – тапсырыс берушінің өкілі
К – консультант
N/A – Non applicable (қолданылмайды)

VII.Дипломдық жұмыс (зерттеу жобасы) аяқталу нысаны

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі шешімдерін қайта қарау тәртібін, негіздерін зерделеу, конституциялық реформалардың жүргізілуінің салдарын анықтау.

Біз, төменде қол қойғандар, ғылыми жобаның техникалық тапсырмасын Scrum-команда мүшелерінің «КАЗГЮУ Университеті» АҚ жасалған келісімшарт ретінде пайдалануға келісеміз; осыған сәйкес Scrum-команда мүшелері «КАЗГЮУ Университеті» АҚ ғылыми жұмысты құру үшін айрықша мүлік құқықтарын, оған қоса жұмысты жаңғырту құқығын қоса алғанда, кез-келген нысанда оның қалауы бойынша және әлемнің кез-келген елінде кез-келген атаумен өнімді пайдалануға айрықша құқығы; жұмыстың түпнұсқадағы көшірмелерін білгілеуге және үлгілерін таратуға, сатуға және өзге түрдегі меншік құқығын беруге; жұмыс көшірмелерін импорттауға; жұмыстың түпнұсқасын немесе үлгісін жария түрде көрсетуге; жұмысты өзге де түрде жариялауға; жұмысты өзге тілдерге аударуға; жұмысты өңдеуге немесе өзгертуге Қазақстан Республикасы заңдарында тиым салынбаған кез келген өзге де түрдегі пайдалануға беруге міндеттенеді.

Кафедра меңгерушісі Ж.Г.Калишева

Ғылыми жетекші У.Ш.Шапақ

Студент Т.С.Ізтілеуов

ҚР Конституциялық Кеңес
құқықтық сараптау бөлімі басшысы Б.М.Нұрмұханов

Оқытушы/доцент/профессор Ж.Р.Темирбеков

Тапсырыс берушінің өкілі Ж.Г.Калишева
Сын-пікір білдіруші